

Мектебімізде «тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында көптеген мағыналы шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, **қазақ тілі бірлестігі** наурызда «Тәуелсіздік және отаншылдық» айында осынау айтулы көктемнің ең нәзік мерекесінде мектебіміздің оқушылары аналарына ерекше ыстық ықыласын жолдады.

5 д-сыныбы жетекшісі Назерке Әлібекқызымен бірге “Бәрі де ана бір өзіңнен басталды” атты аналарға арналған ашық тәрбие сағатын ұйымдастырған болатын. Ашық тәрбие сағатының мақсаты- оқушылардың анаға, жалпы әйел затына құрмет, махаббат, қамқорлық құндылықтарын дамыта отырып, достық, жолдастық қарым- қатынас орнату. Сыныптың ішкі татулығын, ынтымағын орнату, бір бірін түсінуге, басқалардың көзқарас, пікірлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Осы жоба аясында 5-сыныптар арасында “Тіл туралы таным” сайыс сағаты оздырылды.

Сайыстың мақсаты: оқушыларды қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білімдерін жетілдіріп, достық, жолдастық қарым- қатынасты қалыптастыру. 4 айналымнан тұратын сайыста оқушылар білімдерін мен қоса тапқырлықтарымен, шапшаңдықтарымен керемет сайыс үлгісін көрсетті. Сайыс сағатта оқушылар 1-айналым “Мақал-майдан”, 2-айналым “Сөз дәмі”, 3-айналым “Тіл- ой”, 4-айналым “Әдебиет әлемі” бөлімдері бойынша жарысқа түсті. Нәтижесінде шын мықтылар жеңіске жетіп, уақыттары тиімді ұйымдастырылып, жақсы әсерде қалды. Тағы да осындай сайыстың ұйымдастырылуын сұраған көрермен оқушылар да болды.

Ақпан айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Т.А.Каймуллина мен А.Д.Абдулланың ұйымдастыруымен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, командамен жұмыс жасауға дағдыландыру мақсатын негізге ала отырып, 6 сыныптарға «Топжарған» интеллектуалдық сайысы өткізілді.

Сайыс бірнеше кезеңнен тұрды. Оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қатысты түрлі тапсырмаларды орындап, логикалық сұрақтарға жауап берді. Командалар өзара жарысып, үздік нәтижелер көрсеткендер марапатталды. Сайыс жоғары деңгейде өтті, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырды.

Пән мұғалімі А. Абдулланың ұйымдастыруымен оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оқылым дағдысын дамыту, мазмұнды талдау және түсіну қабілетін қалыптастыру мақсатын негізге ала отырып, 6 «Е» сыныбына қаңтар айында «Бір айға – бір кітап» оқу жобасы ұйымдастырылды. Бір ай бойы барлық оқушыларға ортақ бір көркем шығарма таңдалып, оқуға ұсынылды. Оқу барысында оқушылармен шығарма бойынша пікір алмасу, әдеби талдау жұмыстары жүргізілді. Жоба соңында арнайы тест арқылы қорытындыланып, нәтижелері бойынша белсенді оқушылар марапатталды. Жоба сәтті жүзеге асты. Мұғалім мен оқушы арасындағы шығармашылық байланыс нығайып, оқу сауаттылығының дамуына ықпал етті.

Осы "9 айға - 9 тәрбиелік іс-шара" жобасы аясында Гүлгүл Бектемірқызы мен Ертай Сағындықұлының ұйымдастыруымен 9 сынып оқушыларына

22 сәуір күні сағат 10:00-де мектеп кітапханасында «Ұлттық Кітап күні» қарсаңында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР мәдениет саласының үздігі, ақын Талғат Мықимен кездесу кеші өтті.

Мақсаты: Жас ұрпақты әдебиетті сүйуге баулу, ақын Талғат Жұмабекұлы өлеңдерін оқып,

Ақын сөзіне жазылған әндерді жас өнерпаз

Шараның тиімді тұсы: ақын мен оқушылар суретке түсіп, инстаграмм парақшалармен

2025 жылдың 13 желтоқсанында А.Талапова шара” аясында 6-сыныптар арасында байқауы өткізілді. Байқауға 7 оқушы қатысты. Шара барысында көркемсөз, мәнерлеп анықталды.

Ағылшын тілі пәні бірлестігі бойынша

23.10.2024 жылы 6 сыныптар арасында “Our Motherland is Kazakhstan” тақырыбы аясында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Бұл сайыстың мақсаты:



кітап оқуға деген қабілетін арттыру. Кездесуде оқушылар қойған сауалдарға жауап қайтарды.

Әділ Ахметов орындады.

арасында жылы атмосфера орнады. Естелікке алмасылды.

мен С.Мәліктің ұйымдастыруымен “9 айға- 9 іс- “Тәуелсіздік — таң нұры” атты көркемсөз Оқушылар жүлделі орындар мен алғыс хатқа ие оқуға икемі бар, дарынды оқушыларды

Тәрбиелік: Республикамыздың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері туралы кеңінен әңгімелей отырып, оқушылардың Қазақстан туралы білімдерін толықтыру.

Дамытушылық: Оқушылардың ауызша сөйлеу, дағдыларын кеңейту; оқушылардың зерттеу қызығушылығын дамыту; оқушылардың өз

Сайыс қатысушылары дайындалып келген оқып болған соң, оқушыларға еліміз туралы қатысты. Бұл мәнерлеп айту сайысының қатысушыларға орын тағайындалды: 1-ші Ляйсан, 2-ші орын 6-сынып оқушысы Әмір Гүлназ, Алғыс хат иемденді - Турманова

28.11.2024 күні З.Е.Ахметова мен М.Т.

9-сыныптар арасында “What? Where? When?” атты интеллектуалды ойын сайысы өтті. Бұл сайыстың мақсаты-оқушылардың дамыту, елтану бойынша ой-өрістерін кеңейту және ұжымдық жұмысты жүзеге асыру болды. Ойынға әр сыныптан 4 оқушыдан құралған 6 команда қатысты. Ойынның әділ өткенін бақылап, бағалау үшін әділ-қазылар мүшесі белгіленді. Олар ағылшын тілі пәнінің педагог-зерттеуші мұғалімдері Ешмуханова Н.Б., Рахматуллина З.Ж және педагог Шналиева С.Н. Алдымен, командалар алдын ала берілген тапсырма бойынша команда аттарын, ұрандарын және эмблемаларын таныстырып өтті. Ойын 3 турдан құралды. Бірінші және үшінші турлар логикалық бағытта 10/10 сұрақтан қамтылса, екінші турда елтану бойынша сұрақтар қойылды. Командаға әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан есептеліп отырды. Нәтижесінде, оқушылар өз білімдерін жоғары деңгейде көрсетіп, әділ-қазылардың шешімі бойынша келесі орындарды иемденді: 1 орын - 9 “А” сыныбының “Iron Titans” командасы; 2 орын - 9 “Е” сыныбының “Sky runners” командасы; 3 орын - 9 “Д” сыныбының “Bright Sparks” командасы арнайы I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды және қалған 3 командаға да белсенділік танытып, қатысқандары үшін дипломдар берілді.

«Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» жобасы негізінде 5 сынып оқушыларымен қаңтар айының 27-і күні «English Quest» атты интеллектуалды ойыны өтті. Байқау қорытындысы бойынша оқушылар төмендегідей жүлделі номинациялармен марапатталды: “Stars” тобы – «Vocabulary Master» номинациясы “Umbrella” тобы – «Quick Thinker» номинациясы “Circle” тобы – «Team Spirit Award» номинациясы “Square” тобы – «Best Grammar Guru» тобына бұйырды.

Орыс тілі бірлестігі осы жоба аясында қазан айында А. Жиенбаеваның ұйымдастыруымен 6 сынып оқушыларына «Поэтический баттл “С



оқу қабілеттерін дамыту; тыңдау, түсіну жұмыстарын жазуға деген қиялын, бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

өлең шумақтарын айтып шықты. Өлеңдерін тапсырма берілді. Оқушылар белсене соңында нәтижесі анықталып, орын 6-сынып оқушысы Аманшина Айша, 3-ші орын 6-сынып оқушысы Елдос Жаным марапатталды.

Гайсинаның ұйымдастыруымен

When?” атты интеллектуалды ойын сайысы логикалық және сыни ойлау қабілеттерін

чего начинается Родина?» , қараша айында 9 сыныптарға А.Мурзашева “Годы и люди”Круглый стол. Жизненный путь К Сатпаева.» шарасы, желтоқсанда 8 сыныптарға Д.Батыргалиева Познавательная программа “Колыбель дружбы” тақырыбында, қаңтарда 4 сыныптарға Р.Ищанова «Конкурсно – игровая программа “Я и закон”» , ақпан айында 7 сыныпқа А.Муратова «Литературный вечер по творчеству А. Кунанбаева», Ш.Нургазинова наурыз айында 3 сыныптарға «Театрализованный конкурс “Прославляя казахские традиции» сәуір айында Открытие кукольного театр “Человек трудом велик” тақырыпта шара ұйымдастырылды. 3-18 желтоқсан аралығында 9 г сыныбында *«Как использование дифференцированных форм работы (индивидуальной, парной, групповой) влияет на мотивацию и поведение учащихся?»* тақырыбында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі сабақтарды бірлесіп жоспарлау (Lesson Study) қызметі жүзеге асты. Зерттеу сұрақтарын топ мүшелері толық зерттеп, сабақ мақсатына жетті.

Тарих бірлестігі қазан айында “Д. Қонаев- дара тұлға” республикалық ғылыми- танымдық конференция ұйымдастырды. Сонымен қатар қараша айында “Теңге тарихы тереңде...” ауызша журнал Садыкова Ж, желтоқсан айында тарих бірлестігінің ұстаздары “ Мұражай көненің көзі.” 5-9 сын саяхат- сабақтар

Қаңтар айында “Кім? Қайда? Қашан? “ 7 сыныбына Н.Сенгалиева, Габбасова. Ақпан айында ”Занды білу- заман талабы” облыстық әскери прокуратура қызметкерімен кездесу.9-10 сынытарына Мұхтар Әділ Ришатұлы ұйымдастырды. Сәуір айында “Тарихи галерея” 5 сыныпқа пән мұғалімдері Зайнуллина, Ситимова, Жардемова ұйымдастырды. Лессон стади:қараша- желтоқсан Мұхтар Ә.Р 10 д сыныбы. Модератор: Алиев С.З. Мамыр айында 5-11 сыныптарға тарих, археология ғылымына қызығушылық танытатын оқушыларды тарту мақсатында “Тұлғамен кездесу айдары: Өлке археологы Я.Лұқпановамен сұхбат өткізілді.

Дене тәрбиесі бірлестігі бойынша қыркүйек айында 5 сыныптар арасында «отбасы күні» арналған ата-аналармен Толағай жарысы, қазанда Футбол ойыны 5-9 сыныптар арасында жарыс, қараша айында мектепшілік Асық ату жарысы, желтоқсан айында 5-10 сынып арасында Тоғызқұмалақтан мектепшілік жарыс, қаңтар айында мектепшілік шаңғы жарысы, ақпан айында мектепшілік жарыс, наурыз айында 5-10 сыныптар арасында волейболдан мектепшілік шара, сәуір айында 5-10 сыныптар арасында жеңіл атлетика сайысы өткізіліп және мамыр айында президенттік көп сайыс ұйымдастыру жоспарланған.

Информатика және физика бірлестігі бойынша

Сабыргалиева А.К. және Басерова А.Т. ұйымдастыруымен 14.02.2025 күні “Жасанды интеллект әлемі” тақырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында шара өтті. Шара аясында оқушылар мұғалімнің көмегімен түрлі ЖИ арқылы шағын жобалар жасады, бұл шара оқушылардың жаңа технологияларды меңгеруге деген ынтасын ашуда тиімді болды. Қызығушылық танытып, ЖИ құралдарын күнделікті өмірде пайлануға ұмтылыс білдірген оқушылар да болды

Айдана Талғатқызы 6 "Г" сыныбына "Lesson study" зерттеу жұмысы жүргізді. Проблемалық тақырыбы: "Қалыптастырушы бағалауда цифрлық ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін қалай арттырамын?". Зерттеу жұмысы барысында оқушыларға

тапсырмаларды орындауға, қалыптастырушы бағалау жүргізуге әртүрлі цифрлық технологиялар, соның ішінде, жасанды интеллект, платформалар қолданылып, оқушылардың қызығушылығы артып, белсенділік танытты.

Кубашева Л.М. және Айдынғалиева А.К. ұйымдастыруымен 15.03.2025 күні “Paint: бастаушы суретшілерге арналған алаң” тақырыбында 4–5 сынып оқушылары арасында шара өткізілді.

Шара барысында оқушылар мұғалімдердің көмегімен Paint бағдарламасының түрлі құралдарын пайдалана отырып шағын шығармашылық жобалар жасады. Бұл шара оқушылардың сурет өнеріне деген қызығушылығын арттырып, компьютерлік бағдарлама арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Қатысушылар Paint құралдарын тиімді қолданып, түрлі қызықты суреттер салуға талпынды. Шара оқушылардың шығармашылық әлеуетін оятып, цифрлық өнерге деген ынтасын ашуда маңызды рөл атқарды.

Мұқай А, Акбердиева А ұйымдастыруымен 8 сыныптар арасында «Қызықты физика әлеміне саяхат» атты шара өткізілді. Шараға Өрлеу мұғалімдері қатысты. Бұл шарада оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Исмагулова А.О, Мамбетиярова Г.А 18.04.2025 күні “Менің болашақ мамандығым «SketchUp» бағдарламасында жоба жасау 8 сынып арасында өткізілді. Бұл шара оқушылардың жаңа технологияларды меңгеруге деген ынтасын ашуда тиімді болды. Оқушылар өздерінің болашақ жобаларын Sketcup 3D бағдарламасында жоба жасап қорғады

Көркем еңбек ,музыка ,хореография бірлестігінен 21.11. 2024 «Өнерлінің қолы алтын» 9 «Г» сынып Шеберлік сағаты

Б.У.Курманбаева, 9 «Г» сыныпқа «Өнерлінің қолы алтын» тақырыбында шеберлік сабағы өтті. Оқушылар моншақтардан әр түрлі интерьерді безендіруге арналған көркем бұйымдарды жасату жоспарланды. Жалпы интериерге безендіруде жасалатын жұмыс түрлерін әр түрлі суреттер ұсынылып таныстырылды. Сонымен қатар шеберлік сабағының мақсаты мен міндетін айта отыра қандай жұмыс түрін жасайтыны таныстырылды. Оқушылар екі топқа топтастырылып жұмыстану жоспарланды. Әр топқа топтық тапсырма берілді, I топ Моншақтан көлемді панно жасау, II топ Гүлдеген ағаш бейнесіндегі сәндік бұйым жасау. Оқушылар шығармашылық жұмысты қызығушылықпен орындады. Жұмыс нәтижесі екі топ бір бірінің жұмысын бағалай отырып, ұсыныстарында айта өтті. Шеберлік сабақ жақсы деңгейде өтті. Оқушылар Интериерді безендіруге ерекше сән беретін көркем бұйымдар туралы өз ойларымен бөлісіп, мұндай бұйымдардың өзіндік ерекше сән беретіні айтылды. Жалпы сабақ идеяға толы, көркем өнерге, сәндеуге ой салатын құнды мәліметтер болды деп есептеймін.



13.12.2024 Дәстүрлі емес тәсіл арқылы ұлттық бұйым жасау» 5 –сынып Д.О.Ахметов. 5 сынып арасында Дәстүрлі емес тәсіл арқылы ұлттық бұйым жасау» тақырыбында Шеберлік сағаты өтті. Оқушылар дәстүрлі емес материалдардан ұлттық нақыштағы бұйым жасады.Тақырып бойынша ақпарат беріліп,жұмыстың жасалу реті түсіндірілді.Сондай-ақ Қазіргі заманауи құрылғымен жасалаты жұмыс түрі көрсетіліп,кез келкен қалдық бұйымдарды қолдану арқылы әр түрлі бұйымдар жасауға болатындығы айтылып,дайын дұйым түрлері көрсетілді. Осы аталмыш құрлығыны пайдалана отырып түрлі шығармашылық бағытта, дәстүрлі емес тәсіл арқылы түрлі ұлттық нақышта бұйымдар жасалды. Оқушылар белсенді қатысып,қызығушылықпен жұмыстанды.



24 қаңтарда 5-сыныптар арасында Г.Ж.Есентемір “Қыс қызығы” атты сурет байқауын өткізілді. Байқаудың мақсаты – оқушылардың қысты табиғат құбылысы ретінде сезіне білуі, шығармашылық қабілеттерін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру болды. Байқауға 5 “А”, 5 “Б”, 5 “В”, 5 “Г”,5 “Ғ”, 5 “Д”, 5 “Е” сыныптарынан жалпы саны 16 оқушы қатысты. Оқушылар қыс мезгілінің әсемдігін, табиғат көріністерін, ойын-сауық сәттерін өз қиялдарымен қағаз бетіне түсірді. Суреттер әр түрлі техникада: акварельмен, қарындашпен, гуашьпен салынды. Байқау қорытындысы бойынша әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтады:1-орын 5 “А” Жанбулатова А,2 орын 5 “В”Дайыр З, 2 орын 5 Ғ Хамит А, 3 орын 5 “Е” Кубинова А, 3 орын - 5 “Б” Салимова М иеленді.

Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды.



26.02.2025 Ұлттық құндылықтар-оқушы тәрбиесінің негізі А.М.Туребаев 6 «Ғ»
6 «Ғ» сыныбына Ұлттық құндылықтар-оқушы тәрбиесінің негізі тақырыбында шара өтті.

Шара мазмұны:

Бұл сыныптан тыс шара ұлттық құндылықтарды насихаттау және оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар екі топқа бөлінді. Шараның құрылымы төмендегідей болды:

- Ұлттық бағыттағы ойындар ұйымдастырылды.
 - Патриоттық әндер орындалды.
 - Логикалық ұлттық ойындар ойнатылды.
 - Ұлттық бұйымдар құрастыру кезеңі.
- Екі топқа ұлттық бағыттағы патриоттық сұрақтар қойылды.
 - Ең үздік жауаптар бағаланды және топтар марапатталды.
 - Белсенді қатысқан оқушыларға алғыс хаттар (сыйлықтар) таратылды.



Шара оқушылардың ұлттық сана-сезімін арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге және ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

14 наурыз күні мәжіліс залында 3-10 сыныптың қыз балаларының қатысуымен «Қазақ қызы» тақырыбында сыныптан тыс шара өтті.Шараға жауапты: хореография, көркем еңбек, музыка пәні мұғалімдері Сейтова Сандуғаш Қаршығақызы, Жамелова Аяулы Тулеулиевна, Қалымбет Гүлмира Сансызбаевна. Шара барысында «Шаштың сәні – шолпы мен шашбау» қазақтың салт-дәстүрін насихаттау барысында 7-8 сынып қызбалалары шолпы жасады, «Шекелік»,т.б. тақырыпта композициялық би құрылымдары, «Қазақ қызы» және қазақтың дәстүрлі әндері шырқалып, жоғары деңгейде өнер көрсетілді. Шара барысында қыз балалар шаштың әшекей бұйымдары жөнінде мол мәлімет алып, шолпы жасап үйренді.

17.03.2025 Қ.Б.Қалиев 5 сыныптарға «Алтын сақа» сайысын өткізді.

Оқушылар үш топқа топтастырылды. Шараның мақсаты;Оқушыларды музыка пәнін оқуға ынталандыру,білім деңгейін арттыру,оқыған тақырыптарды ойға жинақтауға үйрету.

Оқушыларды алғырлыққа, шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйрету.

Халқымыздың ұлттық аспаптарын қадірлей білуге тәрбиелеу.

I-бөлімде әр топтан бір оқушыдан ұяшықты таңдап, жасырылған сұрақтарға жауап берді. II-бөлімде Бейне сұрақтарға жауап береді. III-бөлімде Ұяшықтарды таңдап суреттердің атын тапты. Оқушылар ойынға белсене қатысты. Берілген тапсырмаларға жарыса жауап беріп нағыз білімді білгір оқушылар екенін көрсетті.

Әр бөлімнің арасында оқушылар өнер көрсетті.

Сайыс соңында қазылар алқасы жеңімпаздарды марапаттап естелік сыйлықтар берді.

Шара өз мақсатын жетті. Оқушылар белсенді қатысып ой ұшқырлығын ,білімін көрсете білді.

17.04.2025 «Әнші балапан» Р.К.Хайруллин 1-2 сынып

17- сәуір бастауыш сыныптарды «Әнші балапан» сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты:Кішкентай бүлдіршіндер арасында ән айтуға деген қабілеттері анықтап ,шығармашылыққа баулу.

Сайыс барысында оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Бірі ән айтуға шебер болса, бірі аспапта ойнап өз өнерлерін көрсетті. Оқушылар сайысқа жақсы дайындықпен келген. Сайыс барысы оқушының өзін-өзі ұстауы, орындау шеберлігі,сөзді анық айтуы бағыттары бойынша бағаланды.

Үздік нәтиже көрсеткен оқушылар дипломмен марапатталды. Шара өте жақсы өтті. Өз мақсатына жетті деп есептейміз.

24 сәуір күні «Қамшы-атадан қалған асыл мұра» тақырыбында 9-сынып ер балаларына сабақтан тыс шара өткізілді. Шараның мақсаты оқушыларға қамшының тарихы мен өру жолдарын түсіндіре отырып, қамшы өруге үйрету. Оқушылар екі топқа бөлініп, 4-6-8 өрім өру әдісін үйренді.Жұмыс барысындаоқушылардың бойында шыдамдылық, ептілік, шеберлік дағдыларын артты деп санаймын. Жалпы қамшы таспаларын бір текті кесу, қамшыда

қолданылатын қайыс, қамшы сабына қолданылатын тобылғы, қамшы сабы неше тұтам болу керек деген сияқты көптеген өмірге қажетті ақпараттар алып өз білімдерін кеңейтті деп санаймыз. Сонымен қатар оқушылар өздерінің өрген өрімдерін салыстырып қарап, өз жұмыстарын бағалады. Жалпы сыныптан тыс ұйымдастырылған шара өз мақсатына жетті деп есептейміз.

Математика» бірлестігі бойынша желтоқсан айында 6-сыныптар арасында «Математикалық мозайка» шарасы өткізілді. Шара атауы: «Математикалық мозайка» Жауапты мұғалімдер: Қанатқали Г.А., Саматова Р.С

Өткізу форматы: интеллектуалды сайыс

Мақсаты:

Оқушылардың логикалық ойлау, жылдам шешім қабылдау, зейін және есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Математика пәніне деген қызығушылықты арттыру.

Оқушылардың бір-бірімен бәсекелестік пен ынтымақтастық орнатуына мүмкіндік беру, еркін ойлау, тапқырлық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Өту барысы: Шараға 6-сынып оқушылары командаларға бөлініп қатысты. Әр командаға логикалық, математикалық және қызықты есептерден құралған бірнеше кезең ұсынылды.

Оқушылардың математикалық дайындық деңгейлері әртүрлі болғандықтан, шара нәтижесінде белгілі бір айырмашылықтар байқалды және кейбір оқушылар өздерінің пән бойынша негізгі ақпараттарды білу, шапшаң ойлану, логикалық ойлауды арттыру керектігін түсінді.

Қаңтар айында Математика бірлестігінде 9 ай - 9 шара жоба аясында 5-сыныптар арасында «Құпиялы сандар әлемі» шарасы өткізілді.

Жауапты мұғалімдер: Бисекеш А.М., Саматова Р.С

Шараға 5 сыныптан 25 оқушы қатысты.

Шараның мақсаты:

Сандар әлемінің құпияларын зерттеу;

Оқушылардың логикалық және шығармашылық ойлауын дамыту; Математикаға қызығушылығын арттыру.

Шара 3 кезеңнен құралды:

1-кезең: Құпиялы кодтар: Әріптер сандармен кодталған-сөздер мен сөйлемдерді шешу.

2-кезең: Сандар мен сиқыр: сиқырлы квадраттар мен ерекше сандарды қолдану

3-кезең: Логикалық есептер.

Шара соңында бағалау және марапаттау жүргізілді.

Ақпан айында “Математика сабағында жасанды интеллект көмегін 3Д модель жасау” жобасы

Ахметова С.Б. Нурмуханбетова Д.У

Шара барысында оқушылар өздерінің жасаған жобаларын қорғады. Геометриямен байланысты берілген тапсырмаларды өмірмен байланыстырып шығара білді.



Наурыз айында 9-10 сыныптар арасында «Ұлттық ойын әлемінде» Жауаптылар: Азаматова Раушан, Аскарова Аружан

Шараның мақсаты:

- Қазақ халқының ұлттық ойындары арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту.
- Ұлттық мұрамызды құрметтеуге, салт-дәстүрді сақтауға тәрбиелеу.
- Спорттық шеберлікті арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушыларға ұлттық ойын түрлерін таныстыру.
- Топтық жұмыс арқылы бірлік пен ұйымшылдыққа баулу.
- Қызығушылық пен белсенділікті арттыру.

Шараның өту форматы: ойын-сайыс түрінде өткізіледі.

Қатысушылар: 9,10 сынып оқушылары.

Шара барысында оқушылар асық ату, тоғызқұмалақ, ақсүйек, арқан тарту, қол күрес сияқты қазақтың ұлттық ойын түрлері арқылы математикалық тапсырмалар берілді. Әр ойынның алдында оның шығу тарихы мен маңызы қысқаша түсіндіріледі. Топтар жарысып, жеңімпаздарға марапаттар табысталады. Жалпы, шара достық пен ұлттық рухты насихаттауға бағытталды.



Сәуір айында сыныптан тыс шара тақырыбы: Математикалық сайыс «Math mix»

Сабақтың мақсаты:

- ✓ Оқушылардың математикаға қызығушылығын, ынтасын, зейінін арттыру, алған білімдерін тереңдету.
- ✓ Ой-өрісін кеңейту, заманауи тәсілдерін қолдана отырып логикалық ойлау қабілеттерін және ұжымшылдық қабілетін дамыту.

Сабақтың түрі: топтық сайыс

Сабақ жоспары:

Таңдау жаса

ауабын білесің бе?

оптасайық. Математикалық жұмбақтар

Шараның өту форматы: ойын-сайыс түрінде өткізіледі.

Қатысушылар: 8-сынып оқушылары.

Шара барысында оқушылар құндылыққа бағытталған математикалық тапсырмалар берілді. Топтар жарысып, жеңімпаздарға марапаттар табысталады. Жалпы, шара достық пен ұлттық рухты насихаттауға бағытталды.

Жаратылыстану бірлестігі бойынша



“Brain builders” атты 7 сыныптар арасында интеллектуалдық сайысы өткізілді

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеті дамытатын түрлі сұрақтарға жауап іздеу арқылы оқушылар тез әрі дұрыс шешім қабылдауға үйренді, пән бойынша білім деңгейін артты.

Ойын, жарыс оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, жақсы көңіл-күй сыйлады.

Өткізген: Закиева Г.У., Имангалиева А.Т.

“Біртұтас тәрбие бағдарламасы” негізінде “9 айға 9 іс-шара” жоспары бойынша 24 қазан күні Шынар Талғатқызы және Дина Миловна биология пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 9-сынып оқушылары арасында “Экология және біз” тақырыбында дебат ойыны өткізілді.

- Дебат өте қызықты, әрі тартысты өтті. Екі фракция спикерлері де берілген тақырып аясында керемет жұмыстанды.

Сонымен қатар Л.Т.Кенжеалиеваның ұйымдастыруымен 5-6 сыныптарға жаратылыстану пәнінен «Жаратылыстану әлеміне саяхат» тақырыбында мектепшілік шара ұйымдастырылды. Бұл шараға оқушылар белсенділікпен қатысып, қызықты өтуіне ат салысты. Шара өз мәресіне жетті.

Сонымен қатар 5ә сыныбы жаратылыстану пәнінен “Химиялық және физикалық құбылыстар” тақырыбында Жаннатова А.К және 9 сыныпқа биология пәнінен Закиева Г.Ө облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен мектебімізде ашық сабақ өткізді. Ақпан айында 7ә сыныбына жоспар бойынша химия пәнінен сыныптан тыс шара өткізілді.

7в,д,г сыныптарына химия пәнінен пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен “Қызықты тәжірибелер” тақырыбында тәжірибелер және “IQ Battle” интеллектуалды сайыс өтті. Өткізілген шаралар оқушылар үшін қызықты болып, белсенділік танытты.



Мектепшілік шараларды жылдық жоспарға сай ұйымдастырудың тиімді тұстары:

огикалық ойлау мен зейіннің дамуы:

Шара барысындағы мәліметтерді қызығушылықпен тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап беру барысында оқушылардың тапқырлығын арттыруға ықпал етеді.

әнге деген қызығушылықтың артуы:

нтымақтастық пен бәсекелестіктің қалыптасуы:

Шара барысында оқушылар арасында топтық жұмыс жүргізіліп, ынтымақтастық орнады, бұл өзара бірліктің болуына ықпал етті.

р түрлі деңгейдегі тапсырмалар:

Тапсырмалар деңгейлерінің әртүрлілігі әр оқушының мүмкіндігінше белсенділік танытуына мүмкіндік берді, сонымен қатар, әркім өз деңгейінде тәжірибе жинады.

теория мен практиканың үйлесімі:

Теориялық білім өмірлік жағдайлармен байланысты болып, ойын форматында ұсынылды.

Тиімсіз жақтары:

ақыттың шектеулігі:

Шара барысында белгіленген уақыт шектеулі болғандықтан, кейбір шаралар толық талданбай уақыттың жетіспеуі.

қушылардың белсенділігінің әртүрлі болуы (үнемі бұрыннан қатысып жүрген оқушылардың қатысуы)

абинеттердің жетіспеуі

ылдық жоспарға шаралар дұрыс қойылмауы, қадағалану тарапының аз болуы